



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2023 жылғы 6 сәуірдең № DC-43 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

**«Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламалары бойынша**

«Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» тұрғын үй бағдарламалары шенберінде көп балалы отбасыларға, мүгедек балалары бар отбасыларға, 1 және 2 топтағы мүгедектерге, жетім балаларға 2% жарна бойынша, кезекте тұрғандардың қалған санаттарына 5% жарна бойынша табыстың шекті деңгейлерін қоспағанда және бастапқы жарнасы кемінде 10% міндettі түрде болатын жеңілдікті несиeler беріледі. Бұл ретте несиенің мақсаты әлеуметтік тұрғын үй сатып алу болып табылады.

Мәселен, «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 160,5 млрд теңгеге 14 938 несие (2019-2022 жж.), «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 239,1 млрд теңгеге (2020-2022 жж.) 19 394 несие мақұлданған болатын.

Бұл ретте несиелеудің шекті сомасы бір өтінімге 15 млн теңге құрайтын болатын.

Сонымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы шенберінде (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 УҚ) несиелеудің ең жоғары сомасы қайта қаралды және бүгінгі күні ол әлеуметтік тұрғын үйдің бір шаршы метрінің шекті құнына байланысты, бұл азаматтарға жайлыштың III-IV сыныптарына сәйкес келетін тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді, және олардың ауданы 5%-ға дейін ауытқуға рұқсат етілген 80 шаршы метр шегінде (мысалы, Астанада және Алматы қаласында 1 шаршы метр үшін шекті баға 290 мың теңгені құрайды, бұл өтініш берушіге 23-24 млн теңгеге 80 шаршы метр әлеуметтік тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді.).

Азаматтарды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда аталған бағдарламалар шенберінде 2023 жылға 71,9 млрд теңге бөлінді

(Бақытты отбасы (2-10-20) 3176 өтінімге 32,2 млрд теңге, Шаңырақ (5-10-20), 3610 өтінімге 39,7 млрд теңге).

### **«Жас отбасы» бағдарламасын енгізуге қатысты**

Қазіргі уақытта еліміздің бірқатар өнірлерінде жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен 5% женілдікпен кредит берудің өнірлік бағдарламалары іске асырылуда.

Атап айтқанда, Алматы және Астана қалаларында, сондай-ақ Қарағанды, Жамбыл, Қостанай, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Ұлытау, Жетісу, Абай облыстарында жастар бағдарламалары іске асырылуда.

Осы бағдарламаларға 2017-2022 жылдар аралығында жергілікті бюджеттерден және Отбасы Банкінің қаражаты есебінен 65,2 млрд теңге (жергілікті бюджеттен 49,9 млрд теңге және Банк қаражастынан 15,3 млрд теңге) бөлінді.

Осындай бағдарламалар басқа өнірлерде (*Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласында*) әзірленуде.

Сонымен қатар, республикалық бюджеттің шектеулерін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын баспанамен басым қамтамасыз етуді ескере отырып, осы кезеңде жас отбасылар үшін жеке бағдарламаны енгізу мүмкін емес (бұғынгі күні мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде 636,3 мыңдан астам адам тұрады, оның ішінде 415,7 мың әлеуметтік осал топтар).

### **«7-20-25» бағдарламасы бойынша лимиттерді ұлғайтуға қатысты**

«7-20-25» бағдарламасын (бұдан әрі-Бағдарлама) Ұлттық Банк 2018 жылы бюджеті 1 трлн теңге деңгейінде іске қости. Бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңінде 2023 жылға қарай жалпы сомасы 873,6 млрд теңгеге 65 554 отбасы несие алды. Даму қарқынын ескере отырып, бағдарлама 2023 жылы аяқталуы керек еді.

Алайда, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2022 жылғы 19 желтоқсанда Ұлттық Банк басқармасының шешімімен Бағдарламаны іске асыру мерзімі 2029 жылға дейін ұзартылды. Бұл ретте, 2023 жылдан бастап бағдарламаны қаржыландыру тәртібі өзгертилді, 1 трлн теңге сомасында жалпы бюджеттің орнына жылына 100 млрд теңгеден аспайтын бюджет белгіленеді.

Бағдарлама лимитін енгізу туралы шешім мыналарға бағытталған:

- инфляция мен тұрғын үй құнының ықтимал өсуін шектеу;
- бағдарламаға қызмет көрсетуге байланысты Ұлттық Банктің шығындарын қысқарту, өйткені оны іске асыруға қаражат нарықта неғұрлым жоғары мөлшерлемелер бойынша тартылады.

Осыған байланысты Ұлттық Банк жыл сайынғы лимитті алып тастау және ұлғайту, сондай-ақ оны тоқсан сайын бөлуді алып тастау туралы ұсынысты қолдамайды.

### **Жұмыс істейтін жастар үшін жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасын басқа өнірлерге таратуға қатысты**

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жастар жылдының ашылу салтанатында 2019-2022 жылдары республикалық бюджет қаражаты есебінен жастардың тұрғын үй мәселелерін шешу мақсатында Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға арналған барлығы 9 536 жалға берілетін пәтер салынды, оның ішінде 2022 жылы 2544 пәтер.

Қалған пәтерлер ағымдағы жылдың соңына дейін таратылады.

Қосымша 2023-2025 жылдарға аталған қалаларда 3 мың жалға берілетін пәтер салу үшін жергілікті бюджеттен 32,3 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

Сондай-ақ, осы ұқсастық бойынша басқа өнірлердің жергілікті атқарушы органдары жергілікті бюджеттер есебінен жұмыс істейтін жастар үшін жалдамалы тұрғын үй салу мәселесін өзірлігі мен қаржылық мүмкіндіктеріне қарай қарастыратын болады.

**P. Скляр**

*Орында: С. Жаңқалов*

*Тел: 74 53 50*

**Тізім:**

1. Д. Мұқаев
2. Қ. Бексұлтанов
3. А. Назаров
4. Б. Базарбек
5. Е. Бейсенбаев
6. Н. Сабильянов
7. Ж. Әшімжанов
8. Р. Зайытов
9. А. Мысырәлімова
10. Е. Саиров
11. Н. Сәрсенғалиев
12. Ж. Сүлейменова
13. Г. Нұрымова
14. Е. Смышляева
15. Н. Әуесбаев
16. Г. Танашева
17. И. Смирнова
18. Т. Серіков
19. Н. Tay
20. Қ. Иса